

 <p>«Kaspi Bank» АҚ акционерлерінің Кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен бекітілді (2022 жылғы «20» желтоқсандағы №58 хаттама)</p>	 <p>Утверждено решением Внеочередного Общего собрания акционеров АО «Kaspi Bank» (Протокол №58 от «20» декабря 2022 года)</p>
<p>«Kaspi Bank» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫНА №3 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚЫРУЛАР</p>	<p>ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ №3 В УСТАВ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «Kaspi Bank»</p>
<p>1. Жарғы мынадай редакциядағы 22-1, 22-2, 22-3-тармақтармен толықтырылсын: «22-1 Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша қоғам акцияларға бөлшектеу жүргізуге құқылы. Акцияларды бөлшектеу қоғамның жарғылық капиталы мөлшерінің өзгеруіне алып келмейді. Акцияларды орналастыру қорытындысы туралы есепке өзгерістер енгізу уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады. 22-2 Қоғам акционерлері жалпы жиналысының акцияларды бөлшектеу жөніндегі шешімінде мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс: 1) бөлшектеуге жататын акциялардың түрі; 2) бөлшектеу коэффициенті; 3) бөлшектеуді жүргізу мерзімдері; 4) өзге де мәліметтер. Жай акциялар бөлшектелген жағдайда, қоғам дәл осы коэффициент бойынша мыналарды жүргізуге міндетті: қоғамның артықшылықты акцияларын бөлшектеу; қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтің кепілдік берілген мөлшерін азайту. Артықшылықты акциялар бөлшектелген жағдайда, қоғам дәл осы коэффициент бойынша мыналарды жүргізуге міндетті: қоғамның жай акцияларын бөлшектеу; қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтің кепілдік берілген мөлшерін азайту. 22-3 Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, акцияларды бөлшектеу кезінде акционерлердің құқықтарын шектеуге жол берілмейді».</p>	<p>2. Дополнить Устав пунктами 22-1, 22-2, 22-3 в следующей редакции: «22-1 По решению общего собрания акционеров общество вправе произвести дробление акций. Дробление акций не приводит к изменению размера уставного капитала общества. Внесение изменений в отчет об итогах размещения акций осуществляется в порядке и сроки, установленные нормативным правовым актом уполномоченного государственного органа. 22-2 Решение общего собрания акционеров общества по дроблению акций должно содержать следующие сведения: 1) вид акций, подлежащих дроблению; 2) коэффициент дробления; 3) сроки проведения дробления; 4) иные сведения. В случае дробления простых акций общество обязано произвести по такому же коэффициенту: дробление привилегированных акций общества; уменьшение гарантированного размера дивиденда по привилегированным акциям общества. В случае дробления привилегированных акций общество обязано произвести по такому же коэффициенту: дробление простых акций общества; уменьшение гарантированного размера дивиденда по привилегированным акциям общества. 22-3 При дроблении акций не допускаются ограничения прав акционеров, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.»</p>
<p>2. Жарғының 30-тармағы мына редакцияда жазылсын: «30. Қоғамның орналастырылған артықшылықты акцияларының саны оның орналастырылған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауға тиіс.»</p>	<p>2. Пункт 30 Устава изложить в следующей редакции: «30. Количество размещенных привилегированных акций Банка не должно превышать двадцать пять процентов от общего количества его размещенных акций.»</p>

<p>3. Жарғының 31-тармағының 1-тармақшасы мына редакцияда жазылсын: «31. Мына жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция акционерге Банкті басқаруға қатысу құқығын бермейді: 1) Егер: 1) Банк акционерлерінің жалпы жиналысы ол бойынша шешім артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қараса, артықшылықты акция акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді. Орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі шектеу қоюға дауыс берген жағдайда ғана мұндай мәселе бойынша шешім қабылданды деп есептеледі. Олар бойынша шешімдер қабылдау артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселелерге: - артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің мөлшерін азайту не мөлшерін есептеу тәртібін өзгерту; - артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібін өзгерту; - артықшылықты акцияларды қоғамның жай акцияларына айырбастау; - артықшылықты акцияларды бөлшектеу туралы мәселелер жатады;».</p>	<p>3. Подпункт 1, пункта 31 Устава изложить в следующей редакции: «31. Привилегированная акция не предоставляет акционеру права на участие в управлении Банком, за исключением следующих случаев, если: 1) Общее собрание акционеров Банка рассматривает вопрос, решение по которому может ограничить права акционера, владеющего привилегированными акциями. Решение по такому вопросу считается принятым только при условии, что за ограничение проголосовали не менее чем две трети от общего количества размещенных (за вычетом выкупленных) привилегированных акций. К вопросам, принятие решения по которым может ограничить права акционера, владеющего привилегированными акциями, относятся вопросы о (об): - уменьшении размера либо изменении порядка расчета размера дивидендов, выплачиваемых по привилегированным акциям; - изменении порядка выплаты дивидендов по привилегированным акциям; - обмене привилегированных акций на простые акции общества; - дроблении привилегированных акций;»</p>
<p>4. Жарғының 45-тармағының 3-тармақшасы мына редакцияда жазылсын: «3) мыналарды: талап қою күніне қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланған; соңғы үш жыл ішінде қайта сұратылған (акционер бұрын сұратқан ақпарат толық көлемде ұсынылған жағдайда); орындалуы акционер өтініш жасаған күні жүзеге асырылатын мәмілелер туралы ақпаратты қоспағанда, қоғам қызметінің (акционер өтініш жасаған күнге дейінгі үш жылдан астам) өткен кезеңдеріне қатысты ақпаратты қоспағанда, акционерлердің Жалпы жиналысы айқындаған немесе Банктің Жарғысында айқындалған тәртіппен Банктің қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Банктің қаржылық есептілігімен танысуға;».</p>	<p>4. Подпункт 3, пункта 45 Устава изложить в следующей редакции: «3) получать информацию о деятельности Банка, в том числе знакомиться с финансовой отчетностью Банка, в порядке, определенном Общим собранием акционеров или Уставом Банка, за исключением информации: опубликованной на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности на дату предъявления требования; запрашиваемой повторно в течение последних трех лет (при условии, что ранее запрашиваемая акционером информация была предоставлена в полном объеме); относящейся к прошлым периодам деятельности общества (более трех лет до даты обращения акционера), за исключением информации о сделках, исполнение по которым осуществляется на дату обращения акционера;»</p>
<p>5. Жарғының 64-тармағының 5-тармақшасы мына редакцияда жазылсын: «5) артықшылықпен сатып алу құқығын қолданбай, қоғамның орналастырылатын (өткізілетін) акцияларының немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы</p>	<p>5. Подпункт 5, пункта 64 Устава изложить в следующей редакции: «5) определение порядка, предельных сроков и общего количества размещаемых (реализуемых) акций общества или других ценных бумаг, конвертируемых в простые</p>

қағаздардың тәртібін, шекті мерзімдерін және жалпы санын айқындау;»	акции общества, без применения права преимущественной покупки;»
6. Жарғының 64-тармағы мынадай редакциядағы 8), 9) тармақшалармен толықтырылсын: «8) акцияларды бөлшектеу туралы шешім қабылдау, осындай бөлшектеу шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау; 9) өтеу мерзімінсіз мемлекеттік емес облигациялар шығару туралы шешім қабылдау және оларды шығару шарттарын айқындау;»	6. Дополнить Пункт 64 Устава подпунктами 8), 9) в следующей редакции: «8) принятие решения о дроблении акций, определение условий, сроков и порядка такого дробления; «9) принятие решения о выпуске негосударственных облигаций без срока погашения и определение условий их выпуска;»
7. Жарғының 64-тармағының 11) тармақшасы мына редакцияда жазылсын: «11) Директорлар кеңесі санының құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау (қайта сайлау) және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар төлемі мен шығыстары өтемақысының мөлшерін және шарттарын айқында;»	7. Подпункт 11), пункта 64 Устава изложить в следующей редакции: «11) определение количественного состава, срока полномочий Совета директоров, избрание (переизбрание) его членов и досрочное прекращение их полномочий, а также определение размера и условий выплаты вознаграждений и компенсации расходов членам Совета директоров за исполнение ими своих обязанностей;»
8. Жарғының 64-тармағының 13) тармақшасы мына редакцияда жазылсын: «13) аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті бекіту;»	8. Подпункт 13), пункта 64 Устава изложить в следующей редакции: «13) утверждение аудированной годовой финансовой отчетности;»
9. Жарғының 65-тармағы мына редакцияда жазылсын: «65. Жарғының 64-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 19) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады».	9. Пункт 65 Устава изложить в следующей редакции: «65. Решения Общего собрания акционеров по вопросам, указанным в подпунктах 1), 2), 3), 4), 5) и 19) пункта 64 Устава, принимаются квалифицированным большинством от общего числа голосующих акций Банка».
10. Жарғы мынадай редакциядағы 65-1-тармақпен толықтырылсын: «65-1. Жарғының 64-тармағының 9) тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады».	10. Дополнить Устав пунктом 65-1 в следующей редакции: «65 -1. Решения Общего собрания акционеров по вопросу, указанному в подпункте 9) пункта 64 Устава принимается простым большинством голосов от общего числа голосующих акций Банка.»
11. Жарғының 86-тармағының 1-тармақшасы мына редакцияда жазылсын: «1) Банктің аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін;».	11. Подпункт 1), пункта 86 Устава изложить в следующей редакции: «1) Аудированную годовую финансовую отчетность Банка;».
12. Жарғының 89-тармағы мына редакцияда жазылсын: «89. Банктің акционерлері қатысу тәртібімен өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысының отырысына пайдаланушының жеке басын сәйкестендіруге мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, соның ішінде корпоративтік электрондық пошта арқылы қашықтан қатысуға құқылы».	12. Пункт 89 Устава изложить в следующей редакции: «89. Акционеры Банка вправе принимать участие в заседании Общего собрания акционеров, проводимого в очном порядке, дистанционно с использованием информационно-коммуникационных технологий, позволяющих идентифицировать личность участвующего в собрании, в том числе, посредством корпоративной электронной почты Банка.»

13. Жарғының 123-тармағы мынадай редакциядағы 2-1-тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу нысанын айқындау;».

13. Дополнить Пункт 123 Устава подпунктом 2-1), в следующей редакции: «2-1)определение формы проведения общего собрания акционеров;»

Миронов Павел Владимирович

//

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Екі мың жиырма екінші жылғы жиырма
жетінші желтоқсан

Мен, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі берген 2017 жылғы 18 сәуірдегі №17006761 мемлекеттік лицензияның негізінде әрекет ететін Алматы қаласының нотариусы Джунусалиева Жанар Бакытжановна менің қатысуыммен «Kaspi Bank» АҚ-ның Басқарманың төрайымы, Миронов Павел Владимирович, қойған қолтаңбаның түпнұсқалығын куәландырамын. Өкілдің жеке басы анықталды, оның әрекетке қабілеттілігі мен өкілеттігі, сондай-ақ «Kaspi Bank» АҚ-ның құқық қабілеттілігі тексерілді.

Тізілімде № 1351 болып тіркелді
Өндірілді: 3369 теңге
Нотариус *Машин*

Республика Казахстан, города Алматы,
Двадцать седьмое декабря две тысячи
двадцать второго года

Я, Джунусалиева Жанар Бакытжановна, нотариус города Алматы, действующая на основании государственной лицензии №17006761 от 18 апреля 2017 года, выданной Министерством юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи Председателя Правления АО «Kaspi Bank», Миронова Павла Владимировича, которая сделана в моем присутствии. Личность представителя установлена, дееспособность его и полномочия, а также правоспособность АО «Kaspi Bank» проверены.

Зарегистрировано в реестре за № 1351
Взыскано: 3369 тенге
Нотариус *Машин*



ES8505787221227144236K234727

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия

